

## САБАҚ ЖОСПАРЫ

<b>Пән</b>	Дүниетану
<b>Мұғалім</b>	Құрманалиева Фатима
<b>Мектеп, сынып</b>	Астана қаласы, №81 «Astana English School» гимназиясы, мектеп-гимназия, 3-сынып
<b>Сабақ тақырыбы</b>	Өсімдіктердің тіршілік ортасы



[www.bilimland.kz](http://www.bilimland.kz)

<b>Мақсаты</b>	<p>- Өсімдіктердің тіршілік ету ортасы туралы жалпы мағлұмат бере отырып, білімдерін тереңдетуге қолайлы жағдай жасау;</p> <p>- Өсімдік туралы білімдерін толықтырып, балалардың ойлау қабілетін, белсенділігін арттырып, сауатты сөйлеу дағдысын ұйымдастыру.</p>	
<b>Міндеттері</b>	<p>- Өсімдіктер туралы түсінік беру, өсімдік түрлерін ажырата алуға көмек көрсету;</p> <p>- Өз ойын толық жеткізе алуға мүмкіндік беру;</p> <p>- Ізденімпаздыққа, еңбекқорлыққа, адамгершілікке тәрбиелеу, бағдарлау.</p>	
<b>Күтілетін нәтиже</b>	<p>- Өсімдік түрлерін және тіршілік ортасын ажырата алады;</p> <p>- Мәтінмен, суретпен жұмыс барысында ойын ашық айтады, еркін ой бөліседі;</p> <p>- Топтық жұмыста сөзді бөлмеуге, сұрақ қоюға, өзін бағалауға үйренеді.</p>	
<b>Сабаққа қажетті материалдар</b>	Интерактивті тақта, маркерлер, тапсырма жазылған қағаздар, ойын элементтері.	
<b>Психологиялық ахуал</b>	<p>Әрбір сөзім, Шындық, бірлік, адалдық. Әрбір ісім, Тірек, тірлік, адамдық. Әрбір адам, Туысым, досым, жұрағат. Әрбір сабақ, Үйрену, ұғу, ұлағат.</p>	Оқушылар шеңберде жиналып, мұғаліммен бірге бүгінгі сабаққа сәттілік тілейді.
<b>Топқа бөлу</b>	Суреттер арқылы сыныпты үш топқа бөлу.	
	 <p style="text-align: center;">"Көкөністер"</p>	 <p style="text-align: center;">"Жемістер"</p>
	 <p style="text-align: center;">"Жидектер"</p>	
<b>Қызығушылықты ояту</b>	<p>"Суретті болжам" стратегиясы арқылы ой қозғау. Жаңа тақырып атауын болжау. Әр топқа тапсырма беру. "Көкөністер" тобы – түрлерін жазу. "Жемістер" тобы – қасиеттерін жазу. "Жидектер" тобы – құрамын жазу.</p>	

	 <p>Жаңа сабаққа деген қызығушылықтары оянып, ерекше ынтамен кіріседі.</p>	
<b>Мағынаны тану</b>	<p>"Өсімдіктердің тіршілік ортасы"  <a href="http://bilimland.kz/kk/#lesson=14715">http://bilimland.kz/kk/#lesson=14715</a> видео топтамасын көрсету арқылы жаңа сабақты меңгерту.  Мәтін үш бөлімге бөлініп, үш топқа беріледі. Олар жеке оқып, жұпта, топта талқылайды.  "Көкөністер" тобы – "Шалғын өсімдіктері" тақырыбында "Галереяға саяхат" стратегиясы бойынша коллаж құрастыру.  "Жемістер" тобы – "Орман-тоғай өсімдіктері" тақырыбында бірігіп сурет салу.  "Жидектер" тобы – "Таулы өлке өсімдіктері" тақырыбында семантикалық картамен жұмыс жасау, кесте толтыру.  Әр топ тақтаға шығып постерлерін қорғайды.</p>	
<b>Сергіту сәті</b>	<p>"Көкөністер" тобы – <a href="http://imektep.kz/iw_1443">http://imektep.kz/iw_1443</a>.  "Жемістер" тобы – <a href="http://imektep.kz/iw_1442">http://imektep.kz/iw_1442</a>.  "Жидектер" тобы – <a href="http://imektep.kz/iw_1367">http://imektep.kz/iw_1367</a>.  Әр топқа ойындар ойнату арқылы сергітіп алу.</p>	
<b>Ой толғаныс</b>	<p>"Көкөністер" тобы – Венн диаграммасы.  "Жемістер" тобы – 5 жолды өлең.  "Жидектер" тобы – Жолаушының қойын дәптері.</p>	
<b>Үйге тапсырма</b>	<p>Бөлме өсімдіктерінің түрлері, қасиеттері туралы мәліметтер жинақтау.</p>	
<b>Бағалау</b>	<p>Бағалау парақшаларын топ басшыларына тарату.  Топтық жұмысты смайликтер арқылы бағалау.</p>	<p>Бағалау парақшасын толтырады.</p>
<b>Кері байланыс</b>		<p>Смайликтерді өзі қалаған топқа жабыстырады.</p>